

**Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Пресноредут ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 ақпандағы N 25/13 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 сәуірде N 2647 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 18 ақпандағы № 12/2 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 18 ақпандағы № 12/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабы 6 тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Жамбыл аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Пресноредут ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидасы бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Пресноредут ауылдық округінде қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидасы және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл  
аудандық мәслихаттың  
кезектен тыс  
XXV сессиясының төрағасы  
А. Сұрағанов

Жамбыл  
аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
Б. Мұсабаев

**Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Пресноредут ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Елді мекеннің атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Пресноредут ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің саны
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Пресноредут ауылдық округінің Пресноредуть ауылының тұрғындарына	5
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Пресноредут ауылдық округінің Нұрымбет ауылының тұрғындарына	3
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Пресноредут ауылдық округінің Макарьевка ауылының тұрғындарына	4
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Пресноредут ауылдық округінің Ястребинка ауылының тұрғындарына	2

Жамбыл ауданы мәслихатының  
2014 жылғы 28 ақпандағы № 25/13  
шешімімен  
бекітілген

**Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Пресноредут ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидасы**

**1. Жалпы ережелер**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Пресноредут ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидасы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6 тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Пресноредут ауылдық округі тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі тәртібін белгілейді.

2. Пресноредут ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары ( бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

## **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиын Жамбыл ауданының Пресноредут ауылдық округтің әкімі шақырады. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Жамбыл ауданының Пресноредут ауылдық округінде бөлек жиынды өткізуді Жамбыл ауданының Пресноредут ауылдық округтің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды Пресноредут ауылдық округінің ашудың алдында тиісті ауылдың қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Пресноредут ауылдық округінің әкімімен немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Пресноредут ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Пресноредут ауылдық округі ауылдары өкілдерінің кандидатураларын Жамбыл ауданы мәслихатының бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Пресноредут ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.